**Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 11 қаулысы. Алматы облысы әділет департаменті Кербұлақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 12 ақпанда N 2-13-87 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы N 8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010.01 27 N 8 Қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабындағы 1 тармақтың 14) тармақшасин және Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын басшылыққа ала отырып және Кербұлақ аудандық мәслихатының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы N 15-107 "Кербұлақ ауданының 2009 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімінің негізінде аудандағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек көрсету жөнінде қосымша шаралар енгізу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын-үй коммуналдық қызметтері бойынша жеңілдіктер аудан бюджетінің есебінен 2009 жылға қабылдансын.

2. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын-үй коммуналдық қызметтер бойынша жеңілдіктер белгіленген нормалар шегінде қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ( А.Диханбаева) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын-үй коммуналдық қызметтер бойынша қосымша жеңілдіктердің төленуін қамтамасыз етсін.

4. Кербұлақ аудандық әділет басқармасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 31 қантарында N 2-13-63 болып тіркелген (аудандық "Кербұлақ жұлдызы" басылымында 2008 жылдың 1

ақпанындағы N 5 санында жарияланған) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Кербұлақ аудан әкімдігінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы N 13 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т. Момбаевқа жүктелсін.

6.Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Н. Жантілеуов*

Кербұлақ аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 11 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына қосымша

Кербұлақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 2009 жылға аудан бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне берілетін жеңілдіктер тұрғын үй-коммуналдық есептік ұсынысы:

Барлығы аудан бойынша: – 32 адам;

Олардың ішінде Ұлы Отан соғысының мүгедегі – 12 адам, Ұлы Отан соғысының ардагерлері – 20 адам;

Суық су – 1 адамға х 119 теңге х 12 ай=1428 теңге х 32 адам=45696;

Газ – 1 адамға х 1300 теңге х 12 ай=15600 теңге х 32 адам=499200;

Электро жарық:

45 кВт 1 адамға х 119 теңге х 12 ай=1428 теңге х 32 адам=45696;

Көмір жылына:

1 рет 1 тонна 32 адам х 7820 теңге=250240.

Барлығы: 972544 теңге (тоғыз жүз жетпіс екі мың бес жүз қырық төрт теңге).

*Аудан әкімі аппаратының басшысы С. Мұстафанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК